

әкелді. Әр түрлі экономикалық потенциалы бар елдердің үкіметтері өз аумағында экологиялық туризмді дамыту стратегияларын әзірлейді және бұл процесі тұрақты қолдау көрсетіп отырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Зарубежный опыт применения экологических инноваций Электрондық ресурс. www.world-tourism.org;
2. www.unwto.org;
3. «Экологический туризм» Т.К.Сергеева, Издательство: Финансы и статистика. <https://www.livelib.ru/book/1000101375-ekologicheskij-turizm-uchebnik-t-k-sergeeva>;
4. <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/169394/109/123/401/%D0%90%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%B0%20%D0%96%D0%B0%D0%BD%D0%BD%D0%B0%D1%82%20%D0%9D%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D0%BD%D0%B0/2020/2>;
5. www.internationalcentrefortradeandsustainabledevelopment;
6. Бочкарева Т. В. Экотуризм: қазіргі халықаралық тәжірибені талдау // http://tourlib.net/statti_tourism/bochkareva.htm.
7. Тажибаева Т.Л., Ақтымбаева А.С., Исалдаева С.Ж. Экотуризм как фактор развития экологического образования в Казахстане // Актуальные проблемы экологии и природопользования: материалы международной научно-практической конференции. «Актуальные проблемы экологии и природопользования», Москва, 4-6 апреля 2013/сб. науч. тр./ отв. ред Н.А.Черных. – Вып.15. – М.:РУДН, 2013. – С. 566-569.

ОӘЖ:338.48

КОВИД-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІН ТАЛДАУ

Талғатбек Сәния Асқарбекқызы
Saneka_99@bk.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің
1 курс магистранты Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент м.а. Шоқан Р.

КОВИД-19 пандемиясы әлемнің әрбір еліне өзінің жағымсыз әсерімен соққы берді. Ең қатты зардап шеккен туризм саласы болып отыр. Туризм саласы экономиканың маңызды әрі дамушы салаларының бірі және тек туристік ағын арқылы даму процесін жалғастыра алады. 2020 жылы 16 наурызда Қазақстанда төтенше жағдай жарияланды, бүкіл әлем бойынша шекаралар жабылды, халықаралық әуе қатынасы тоқтатылды, бұл туристік саланың тежелуіне өз әсер тигізді. Барлығымызға белгілі, пандемияның басталуымен Қазақстан Республикасының барлық бағыттағы шекаралары және облыстары мен қалалары шығу мен кіру қозғалысы үшін жабық болды. Бұл шарттар туристік ағынның болмауына әкеп соқтырды.

Осы орайда мемлекет тарапынан туризм саласын қолдау мақсатында әртүрлі шаралар ұйымдастырылған:

- 2020 жылдың соңына дейін мүлік салығынан босату;
- жалақы қорынан салықтар мен басқа да төлемдерді есептеуден және төлеуден 2020 жылдың соңына дейін босату;
- басқа салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер үшін төлемді 2020 жылдың 1 маусымына дейін кейінге қалдыруды ұсыну;
- банктік қарыз шарттары бойынша төлемдерді 2020 жылдың 1 қазанына дейін кейінге қалдыруды енгізу[2].

Бюджет шығындарының жалпы қысқаруы жағдайында Мәжіліс депутаттары мен Үкімет туризм индустриясын мемлекеттік қолдаудың бірқатар жаңа шараларын қолдады. 2025 жылға

дейінгі мерзімге 163 миллиард теңге шығыны бекітілген. Бұл шаралар дағдарыстан кейінгі кезеңде туристік қызметтер нарығының дамуына айтарлықтай оң әсер етуі керек. Пандемия кезеңінде «Атамекен» кәсіпкерлікті қолдау орталығы мен туристік нарықтың «Kazakh Tourism» АҚ-ның өзара әрекеттесуі күшейгенін атап өткен жөн. Жол карталарына қол қойылды, тұрақты түрде вебинарлар өткізіліп, проблемалық мәселелер талқыланды, жаңа тәсілдер жасалды, зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Жалпы алғанда, 2020 жылдың қорытындылары Үкіметтің туризм нарығын біртіндеп қалпына келтіру міндетін ойдағыдай шешкенін көрсетеді.

Сонымен қатар, қолданыстағы кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына айналым қаражатын қаржыландыру жөніндегі шараларды кеңейту, пайыздық мөлшерлемені жылдық 6%-ға дейін біріздендіру және оған мемлекет кепілдемесімен несиелер мөлшерін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізілді. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында сала субъектілері үшін салалық шектеулер алынып тасталды, бұрын жеңілдікпен несиелер тек қонақ үй бизнесіне, ал ендігі кезекте турагенттермен бірге туроператорларға да берілуі мүмкін. Сондай-ақ, туристік компаниялардың персоналын қолдау мақсатында 2 ай ішінде мемлекет ең төменгі жалақы мөлшерінде әлеуметтік төлемдер төледі. «Осы саладағы статистикаға сәйкес, бұл орташа айлық жалақының 40% -дан астамын құрайды. Төтенше жағдай жойылғаннан кейін туристік қызметтер нарығын қалпына келтіру үшін карантиндік шектеулер біртіндеп жұмсартылды. Ал өткен жылдың 30 мамырына қарай ішкі әуе бағыттарының барлығы дерлік қалпына келтірілді, ал 1 маусымнан бастап аймақтар арасында теміржол қатынасы мен тұрақты автобус тасымалы қалпына келтірілді. 2020 жылдың 20 маусымына қарай халықаралық рейстер біртіндеп қайта жандана бастады және қазақстандық туристер сол күні Түркияға демалысқа ұшу мүмкіндігіне ие болды. Бүгінде БАӘ, Египет, Мальдив аралдары, Шри-Ланка сияқты барлық танымал курорттық бағыттарға арналған рейстер қалпына келтірілді және әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты бұл тізім кеңейеді», - деді Туризм индустриясы Комитетінің төрағасы Дастан Рыспеков[3].

Пандемияның Қазақстан Республикасының туризм саласына деген әсерін ресми статистикалық көрсеткіштер арқылы талдайтын болсақ(1-кесте).

Кесте 1 Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілердің саны, адам

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2020/2018, -,+	2020/2018, %
Қазақстан Республикасы	5 526 864	6 266 563	3 581 340	-1945524	64,8
Ақмола	338 698	394 935	237 671	-101027	70,2
Ақтөбе	124 401	133 417	85 050	-39351	68,4
Алматы	809 794	834 182	482 877	-326917	59,6
Атырау	209 060	249 766	84 534	-124526	40,4
Батыс Қазақстан	100 686	108 454	41 466	-59220	41,2
Жамбыл	120 936	143 981	94 479	-26457	78,1
Қарағанды	280 699	319 663	199 891	-80808	71,2
Қостанай	213 253	237 564	141 960	-71293	66,6
Қызылорда	63 516	71 669	50 704	-12812	79,8
Маңғыстау	240 798	222 539	160 504	-80294	66,7
Павлодар	150 537	163 450	71 763	-78774	47,7
Солтүстік Қазақстан	126 740	144 456	102 632	-24108	80,9
Түркістан	152 124	174 404	103 747	-48377	68,2
Шығыс Қазақстан	565 030	612 689	352 355	-212675	62,4
Нұр-Сұлтан қаласы	767 587	871 851	421 050	-346537	54,9
Алматы қаласы	1 084 991	1 334 230	737 263	-347728	68
Шымкент қаласы	178 014	249 313	213 394	35380	119,9

Ескерту – [1] мәліметтер негізінде құрастырылып, есептелген.

Талдауға алынған жылдар ішінде Қазақстан Республикасы бойынша орналастыру орындарының қызметін тұтынушылардың саны 2018 жылмен салыстырғанда 64,8 пайызға қысқарып, 2020 жылы 3581340 адам қонақ үй индустриясының қызметін тұтынған. Өңірлер арасында Ақмола (70,2%), Жамбыл (78,1%), Қарағанды (71,2%), Қызылорда (79,8%) және Солтүстік Қазақстан (80,9) облыстарында орналасқан қонақ үйлер номерлерінің жүктемесі 70,2-80,9 пайыз аралығын құрады. Атырау, Павлодар мен Батыс Қазақстан облыстарындағы қонақ үй нарығының құлдырауы шамамен 40 пайызға дейін төмендеген. Республика өңірлерінің ішінде Шымкент қаласында орналастыру орындарының қызметін тұтыну мөлшері оң көрсеткішке ие. 2020 жылы 2018 жылмен салыстырғанда саланың қызметі 119,9 пайызға өскен немесе 213394 адам қонақ үй қызметіне сұраныс көрсеткен.

Туристік сала объектілерінің санын талдайтын болсақ, қонақ үй кәсіпорындарының санының жалпы ҚР деңгейінде қысқаруы байқалмайды (2-кесте).

Кесте 2 Орналастыру орындарының саны, бірлік

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Қазақстан Республикасы	3 322	3 592	3 514
Ақмола	287	370	311
Ақтөбе	102	105	97
Алматы	519	540	539
Атырау	91	100	101
Батыс Қазақстан	74	67	73
Жамбыл	178	185	185
Қарағанды	253	250	247
Қостанай	139	141	138
Қызылорда	98	108	112
Маңғыстау	82	92	91
Павлодар	97	112	114
Солтүстік Қазақстан	112	119	114
Түркістан	148	164	175
Шығыс Қазақстан	537	576	562
Нұр-Сұлтан қаласы	213	208	212
Алматы қаласы	286	339	335
Шымкент қаласы	106	116	108
<i>Ескерту – [1] мәліметтер негізінде алынған</i>			

Егер 2018 жылы республика бойынша 3 322 бірлік орналастыру орындары жұмыс істеген болса, 2020 жылы оның саны 192 бірлікке немесе 106% артып, 3514 бірлікті құрады. Орналастыру орындарының басым бөлігі Алматы облысы (539 бірлік), Шығыс Қазақстан облысы (562 бірлік) және Алматы қаласында (335 бірлік) орналасқан. Осы өңірлерде елдегі қонақ үй кәсіпорындарының 41 пайызы шоғырланған.

Пандемия уақытында үлкен шығындарға ұшыраған туристік фирмалар мен туристік агенттіктер болды. Шекаралардың жабылуына байланысты туристік жолдамалар сатылымы тоқтатылды, тургагенттіктер барлық қаражаттарды туристерге қайтаруға мәжбүр болды. Осылайша көптеген турагенттіктер банкроттық жариялап жабылды.

Туризмнің басты секторы туристік тасымалдау инфрақұрылымның статистикалық ақпараттары саланың қызметін тұтыну мөлшерінің төмендегенін көрсетіп отыр (кесте 3)

Кесте 3 Көліктегі жолаушылар айналымы, млн. жолаушы-километр

№	Көлік түрі	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1	Теміржол	18 509,5	17 713,6	8 649,3

2	Автомобиль	246 349,5	260 051,5	91 007,8
3	Әуе	16 176,7	16 940,3	8 335,0
4	Теңіз	0,6	0,57	0,3
<i>Ескерту – [1] мәліметтер негізінде құрастырылып, есептелген</i>				

2018 жылы 18509,5 млн.жкм болған теміржол тасымалы 2019 жылы 17713,6 (-795,9) млн. жкм және 2020 жылы 8649,3 млн. жкм (-9 064,3 млн. жкм) көрсеткіштеріне тең болды. Дәл солай, автомобиль жолы көрсеткіштері де төмендеген, 2018 жылы 246 349,5 млн. жкм-ден 2019 жылы 260 051,5 млн. жкм-ге жоғарылап, 2020 жылы 91 007,8 млн.жкм мөлшеріне дейін күрт төмендеп кеткен. Бұл көрсеткіштерге де әсер еткен карантин шаралары мен пандемия.

Туризм саласының келесі маңызды секторы – тамақтандыру орындары болып табылады. Пандемия кезіндегі қатаң шарттар әсерінен бұл туризм объектілері үлкен шығындарға ұшырады, тіпті біршамасы жабылу жолында болды. Осы сектордағы қызмет түрлері және белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар тұру және тамақтандыру қызметтері бойынша статистикалық ақпараттарды талдайтын болсақ (кесте 4)

Кесте 4 Қызмет түрлері және белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар (тұру және тамақтану бойынша қызметтері бойынша)

Жыл	Қызмет түрлері және белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар оның ішінде тұру және тамақтану бойынша қызметтер		
	Барлығы	Жұмыс істейтіндер	Таратылу процесінде
2018 жыл	6579	4552	41
2019 жыл	7371	5484	65
2020 жыл	8143	6325	49
<i>Ескерту – [1] мәліметтер негізінде құрастырылған</i>			

Тұру және тамақтану бойынша қызметтер көрсеткіштері көріп отырғанымыздай, 2018 жылдан осы уақытқа дейін барлығы 1564 бірлікке көбейген, оның ішінде жұмыс істейтіндер саны 1773 бірлікке көбейген. 2020 жылы карантинге қарамастан бұл туристік объектілер саны артып, таратылу процесіндегі объектілер саны 2019 жылға қарағанда 16 бірлікке төмендеген.

Ковид-19 пандемиясының отандық туризм саласын тигізген әсерін талдау барысында, саланың тоқырауға ұшырағанын көріп отырмыз. Ел экономикасы үшін туристік бизнес саласының дамуының және қалыпты жұмыс істеу жағдайларының маңыздылығы жоғары екендігін ескеретін болсақ, мемлекет деңгейін аталмыш саланың қызметін қолдау мақсатында шаралар қабылдауды жеделдету керек.

Өнеркәсіпті мүмкіндігінше тез қалпына келтіру және ұзақ мерзімді перспективада оның инвестициялық әлеуетін арттыру мақсатында (бес жылдық кезеңге - 2025 жылға дейін) заң жобасы аясында саланың дамуын ынталандыратын қосымша шаралар әзірленді:

- туристік нысандар мен жол бойындағы қызмет көрсету нысандарын салудағы жеке бизнестің шығындарын өтеу - инвестиция көлемінен 10% дейін;
- шаңғы жабдықтарын және туристік кластағы көлік құралдарын сатып алу құнының 25% -ын өтеу;
- әр шетелдік турист үшін туристік операторлардың шығындарын 15000 теңге мөлшерінде субсидиялау;
- ішкі әуе трассаларында балаларға арналған тасымалдау ақысының 100% -ын өтеу;
- санитарлық-гигиеналық бөлімшелерді ұстауға шығындарды 83 300 теңге көлемінде субсидиялау. Осы шараларды іске асыру арқылы 5 жылда экономикаға 180 млрд теңгеден астам бюджеттік кірістер тарту, 170 мыңнан астам жұмыс орындарын құру және кем дегенде 1000 жобаны іске асыру түрінде мультипликативті эффект алу жоспарланып отыр.

Қорытындылай келе, туризм саласы пандемия әсерінен өте үлкен шығындарға ұшырады және алдағы уақыттарда да саланың тоқырауы жалғаса беруі мүмкін. Бұл экономикаға да үлкен соққы болып табылады. Әлемдегі санитарлы-эпидемиологиялық жағдай тұрақталмайынша, шет елге шекаралардың ашылуы, халықаралық туристік ағымдардың қалыпқа келуі белгісіз. Сол себепті, отандық туристік саланы дамыту үшін ішкі туризмге басымдық беру, сол арқылы туризм саласының дамуын жалғастыруға бағытталу қажет. Еліміздің жері кең байтақ, туристік ресурстарға бай, сол ресурстарды туризм мақсатында қолдануға, ішкі туристік инфрақұрылымды жақсартуға және саланың жарнамалануына басымдылық берілу керек. Бірақ, ең басты мәселе сол туристік объектінің экологиялық жағдайына баса назар аударып, бақылау және сақтау шараларын міндетті түрде айқындалып, қадағалануы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс]: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/7>
2. Как пандемия повлияла на туристическую отрасль в Казахстане [Электрондық ресурс]: https://www.inform.kz/ru/kak-pandemiya-povliyala-na-turisticheskuyu-otrasl-v-kazahstane_a3742745
3. Как Казахстан намерен восстанавливать сферу туризма после пандемии [Электрондық ресурс]: <https://ru.sputnik.kz/society/20210119/16067481/kak-kazakhstan-nameren-vosstanavlivat-sferu-turizma-posle-pandemii.html>
4. Восстановление туризма в центральной азии после пандемии [Электрондық ресурс]: <https://www.usaid.gov/ru/central-asia-regional/success-stories/dec-2020-preparing-post-pandemic-tourism-central-asia>

ӘОК 338.012

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ТУРИСТІК САЛАНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Темірбекова Қаракөз Русланқызы

karakoooz@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Туризм» мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент А.Баймбетова

Әлемдік пандемия халықаралық компаниялардың тарихы мен бизнес-жоспарларын түбегейлі өзгертті. Соған байланысты бизнес клиенттерді сақтау үшін дағдарысқа қарсы стратегияларды қайта құрды. Оның ішінде ең көп зардап шеккен салалардың бірі – туризм.

2020 жылдың қорытындысы бойынша халықаралық туристік келушілердің саны 58-ден 80% - ға дейін қысқарды. Әлем бойынша халықаралық туризм 850млн – 1млрд-қа дейін шығынға түсті. Онымен қоса 100-120 млн жұмыс орындары босады. Карантиннен толық шыққан кезде туризм саласында үлкен сұраныс жиналды. Үйде демалудан шаршаған адамдар саяхатқа баруға қуанышты болды. Туристердің 74,1% - ы күзде шет елдерге бара алады деп санайды. Бұған onetwotrip саяхатын жоспарлау қызметін зерттеу нәтижелері дәлел бола алады, оған 2,4 мың респондент қатысты. Соған қарамастан, алайда дүниежүзілік экономикалық дағдарысқа тап болған туристердің ақша жинақтары азайды және сатып алу қабілеті төмендейді.

ЕО Еуропалық комиссиясы туристік нысандар үшін критерийлерді әзірледі. Соның арқасында туристер коронавирусты жұқтыру қаупі аз танымал жерлерге қауіпсіз бара алады. Адамдар жеткілікті хабардар болып, демалысты жоспарлай алуы үшін ЕК әр ел мен өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды көрсететін интерактивті карта жасайды. Карта қауіпсіздік ережелері, әр қонақ үй, мейрамхана және іс-шараны ұйымдастырушылар ұсынатын гигиена стандарттары туралы мәліметтерді ұсынады. Олар картаны жазғы демалыс маусымы басталғанға дейін іске қосуды жоспарлап отыр.